

УДК316.442

**СТАТУСЫ ӨЗГЕРГЕН ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҚАЛА КЕҢІСТІГІН ИГЕРУ
МӘСЕЛЕСІ**

Атшабарова Ақерке Ерланқызы
akerkeatshabarova@gmail.com
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
В-50100 - «Әлеуметтану» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші – Б. Смағамбет

Аннотация:

Мақалада 2018 жылдың 19 маусымынан бастап облыс орталығына айналған Түркістан қаласы статусының өзгеруіне байланысты оның қалалық кеңістігін игеру баяндалады. Халықтың қоныстану тығыздығының артуы, қаладағы тарихи ғимараттар мен

жаңадан салынып жатырған ғимараттардың өзара байланысы, олардың халық санасына, тұрғындарға ықпалы баяндалады.

Негізгі ұғымдар: қала, кеңістік, кеңістікті игеру, әлеуметтік орта, миграция, урбанизация, халық тығыздығы, инфрақұрылым, ресурстарды тұтыну.

Қала-кеңістіктік ұйымдастырылған жүйе және белгілі бір аумақты қамтитын үлкен бір елді мекен болғандықтан, оның дамуы оның кескінінен және халықтың жайлылығынан байқалады. Жалпы, қаланың микро және макро деңгейдегі кеңістігін ұйымдастыру арқылы әлеуметтік кеңістік құрылымдалады. Кеңістіктегі объектілерді жаһандық деңгейде модельдеу халықтың кеңістіктегі мінез-құлқын өзгертеді.

Түркістан қаласы - қазақ хандығының астанасы болған, Ұлы Жібек жолы торабында орналасқан түркі халқының мәдени, рухани орталығы 2018 жылдың 19-маусымынан бастап, Қазақстан Республикасындағы оңтүстік өңірінің орталығы болды. Оның алып жатқан жер аумағы-116,1 мың шаршы км шамасында. Облыс 3 облыстық (Түркістан, Кентау, Арыс) маңызы бар қаланы, 16 ауданды (1-сурет), 177 кенттік және ауылдық (селолық) округті және елді мекенді қамтиды. Түркістан облысының 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша халық саны-2894800 (Қазақстан бойынша 15.42%), ал оның Түркістан қаласына тиесілі саны 2017 жылғы санақ бойынша 160746 адамды құрайды.

Сурет 1

Түркістан облысы аумағы мен аудандар шекаралары



Облыс орталығы болып жарияланған Түркістан қаласының одан әрі дамуы үшін қандай жағдайлар жасау керек? Бұл өзгерістердің ырғағы қауымдастықты құрайтын адамдарға қарағанда, ұзақ өмір сүреді. Бұл жеке адам мен қоғамның мүдделері арасындағы сөзсіз және тұрақты қақтығыстың себептерінің бірі. Әрбір жаңа буын ең алдымен үлкендер анықтайтын және қолдайтын тәртіпті ұстануды үйренуі керек. Әр қоғам өз мүшелеріне белгілі бір тәртіпті жүктейді, қауымдастық өзі жүзеге асыратын моральдық тәртіппен бірге өмір сүруді жалғастыруда. Демек, қоғамның өмірі метаболизмнің бір түрін қамтиды. Ол үнемі жаңа тұлғаларды игереді және өлімге байланысты немесе қандай да бір жолмен ескілерді қабылдамайды.

К.Линчтің пікірінше, «бейнелі материалдық орта» маңызды әлеуметтік рөл атқара алады: топтық деңгейде топтың қарым – қатынасына жағдай жасау, ұжымдық бейнелер мен ұжымдық жады қалыптастыру; жеке адамда – таныс және түсінікті ортада эмоциялық жайлылық, қауіпсіздік сезімін ояту, жеке тұлға мен сыртқы орта арасындағы қатынастарды үйлестіру және осы функцияларды жүзеге асыру үшін кескін үш сипаттамаға ие болуы керек.

1) «Танылатын» болуы керек, яғни басқалардан субъективті түрде ажыратылуы қажет;

Құрылыс ББК», «Темир ИК», «ДОС ИК» және т.б. құрылыс компанияларының қолдауымен көпқабатты үйлер салынауда.

Қаланың қалыптасқан мәдени құндылықтар шеңберінен шығуы басқа мәдени элементтерді қабылдау және жаңа аумақтарға әсерін тарату қабілетінен тұратын ерекшелігі Түркістан қаласы құрылымының қалыптасуын анықтайды. Қаланың мәдени-тарихи қоғамдастығын түсіну, белгілеу кезінде қала бейнесін қалыптастыру кеңістікті ұйымдастырудың үш қағидатын іске асырумен байланыстыруға болады. Олар:

- 1) Аумақтық ұйымдастыру-аумақты әлеуметтік, экономикалық дамыту мақсатында әкімшілік-аумақтық масштабының тиімді моделін қалыптастыру;
- 2) Танымдық ұйымдастыру-қаланың кеңістігін бақылау;
- 3) Эстетикалық ұйымдастыру-адамның өмір сүруі мен жұмыс істеуі үшін құрылған әлеуметтік орта.

Ален де Боттон сәулет өнерінің міндеті біздің әлеуетіміздің байлығын еске түсіру деп санайды. Сәулетшінің міндеті-бақыт сезімін тудыратын ғимараттарды жобалау. Осы мәселеге байланысты, Түркістан қаласында болып жатқан өзгерістерге шолу:

Суретте ескі қала және жаңа қала -





Жаңа қала-сауда аймағы және керуен сарайларының торабы болған ежелгі Түркістан қаласының идеологиясын сақтай отырып қарқынды дамуда. Қаланың мәдени-тарихи қоғамдастығының тиесілігін түсіну қаланың мәдени кеңістігінің және жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін түсінумен байланысты, бұл осы қауымдастыққа қосылудың приоритетті сипаты туралы идеяның қалыптасуына, сондай-ақ қаланың мәдени-тарихи кеңістігімен танысу процесінде қала тұрғынының белсенді ұстанымының қалыптасуына әкеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Джон Дьюи. Общество и его проблемы. Глава I. В поисках общества 6-стр.
2. Р.Парк. Городское сообщество как пространственная конфигурация и моральный порядок
3. К.Линч «Образ города», 1982. С-328
4. ҚР Премьер Министрінің ресми ақпараттық ресурсы.
5. Зиммель Г. Большие города и духовная жизнь//Логос. 2002. № 3-4.
6. Муминов А.К., Кумеков Б.Е. и др. Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йассаи. – Астана, 2017.
7. Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г.- С.-Пб, 1870.
8. Динамика культурных и социальных связей. М.: Ин-т философии РАН, 1992.
9. Архитектура гражданских и промышленных зданий./ Под ред. Захарова А.В.-М., 1993